

## Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты Централь учаскесіндегі "Сейтқазы" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 ақпанда № 5737 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 13.05.2019 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 3-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 28 қаңтардағы №31 ұсынысы негізінде Қарабұлақ ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты Централь учаскесіндегі "Сейтқазы" шаруа қожалығының мүйізді ірі қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі*

*Д. Бекбаев*